

**«№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЖАТТАРЫ**

**2025-2026 оқу жылы**

**Ақтобе қаласы**

# Әділет

## Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 34-1) тармақшасына сәйкес, "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына негізінде БҰЙЫРАМЫН:

### 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп қағидалары;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13038 болып тіркелген, 2017 жылғы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті (Н.Ә. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймағамбетов*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 11 мамырдағы  
№ 190 Бұйрыққа  
1-қосымша

Бекітемін:  
№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының  
меңгерушісі: А.Е.Карабалина

«*акп*» *09* 2025ж

Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс жоспары  
2025-2026 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1.Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені карау және бекіту. 2.Педагогтардың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 3.Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.	Қыркүйек 2025ж	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. 3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.	Қараша 2025ж	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1.Педагогтың құқықтары 2.Педагогтың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті камтамасыз ету және сақтау.	Наурыз 2025ж	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1.Кеңес мүшелерінің 2025-2026жылғы қызметін талдау. 2.Педагог бейнесі. 3.Педагогтардың әлеуметтік желіде , когамдық орындардағы этикалық талаптары.	Мамыр 2025	Хаттама

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

### №1 хаттамасы

15 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 26

#### Күн тәртібінде

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту / кеңес төрайымы Бисеналина Дамегуль Нагиевна
2. Педагогтардың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті / кеңес мүшесі Айжанова Айнур Кудайбергеновна
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау / кеңес мүшесі Сариева Мирамкул Аликуловна

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Бисеналина Дамегуль Нагиевна сөз алды.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтардың педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидастарын басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуда ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтардың тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы. Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ төкеанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының

басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Айжанова Айнура Қудайбергеновна Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр бүлдіршінге жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол-ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы - ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, бала педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Педагог үшін шаша үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауы бойынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұға алар кең пейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаныз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақты өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Жас мамандарға топқа басқа адамдар келгенде орнына тұрып сәлемдесуге кеңес берді. Балабақша ішінде әрқашан сәлемдесіп жылы шырай танытуға міндетті деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі: Сариева Мирамкул Аликуловна Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді. Педагог этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары үкестығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Қорытынды сөз: Кеңес төрайымы Д.Н.Бисеналина  
Құрметті кеңес мүшелері және кеңеске қатысушылар бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, педагогтардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Сондықтан педагогтарды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Кеңес шешімі:

1. №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынсын.
3. «Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау» туралы дөңгелек үстелдер өткізілсін.

Кеңес төрайымы:  Д.Н.Бисеналина

Хатшы:  Г.М.Тоқан

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

« Педагогтардың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы »

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі,  
Кудайбергенова А.А.

15 қыркүйек , 2025ж

Ақтобе қаласы

## Педагогтардың өзінің кәсіби міндетін орындау кезіндегі сыртқы келбеті

Педагог- қоғамдағы ең беделді, жауапты мамандық иелерінің бірі. Тәрбиешінің сыртқы келбеті – оның кәсіби мәдениетінің көрінісі, оқушы мен ата-ананың сенімін қалыптастыратын маңызды фактор. Себебі педагогтың сыртқы бейнесі оның тұлғалық қасиеті мен ішкі мәдениетінің айнасы болып табылады.

Педагогтың сыртқы келбеті оның жалпы имиджінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тек киім үлгісімен ғана емес, соныменқатар жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнеріне, мінез-құлқына еліктейді.

Педагогтың киім кию мәдениеті қарапайымдылықты, әдептілікті және талғамды білдіруі тиіс. Киім ресми және ыңғайлы болуы тиіс. Ашық түстер мен көзге ұратын әшекейлерден аулақ болған жөн. Шаш үлгісі, аяқ киімі де ұстамды стильде болғаны дұрыс.

Гигиеналық тазалық пен ұқыптылық – кәсіби этиканың маңызды бөлігі.

Сыртқы келбет – ішкі мәдениеттің айнасы. Педагог өзін-өзі сыйлаған жағдайда ғана өзгеге құрмет көрсете алады.

Педагогтың жағымды бейнесі сенімділік тудырып, оқушы мен ата-ананың құрметін арттырады. Бұл өз кезегінде тәрбие мен оқыту процесінің тиімділігін күшейтеді.

Кәсіби бедел көбінесе адамның алғашқы әсерінен қалыптасады. Педагогтың сыртқы келбеті оның ұйымдастырушылық қабілетіне, жауапкершілігіне және кәсібіне деген сүйіспеншілігіне дәлеле бола алады. Балабақша ұжымы біркелкі киінсе бұл ұжымның беделін арттырады.

Қорыта айтқанда, педагогтың сыртқы келбеті – оның кәсіби мәдениетінің және жеке тұлғалық абыройының көрінісі.

Тәрбиеші әрқашан өз бейнесі арқылы қоғамға үлгі болуы тиіс.

Сыртқы мәдениет пен ішкі парасаттың үйлесімі – шынайы кәсіби шеберліктің белгісі.

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

« Педагогтардың этикалық нормалары мен ережелін сақтау»

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі:  
Сариева М.А.

15 қыркүйек, 2025ж

Ақтобе қаласы

## Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау

Педагогикалық этика – педагогтың кәсіби қызметіндегі адамгершілік қағидалар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы.

Педагог- тек білім беруші емес, оқбаланың рухани дамуына әсер ететін тұлға. Сондықтан этикалық мәдениет пен әдеп – оның кәсіби беделінің негізі болып табылады.

Педагогикалық этика – педагог пен тәрбиеленушінің, сондай-ақ әріптестер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынасты реттейтін моральдық принциптер жүйесі. Ол ұстаздың мейірімділігі, әділдігі, жауапкершілігі, сабырлылығы сияқты қасиеттерін қамтиды.

Педагогикалық этика нормаларына мыналар жатады:

Құрмет пен сенім -әр балаға жеке тұлға ретінде қарау.

Әділдік пен бейтараптық – барлық оқушыларға бірдей талап қою.

Кәсібилік – өз ісіне адал болу, кәсіби шеберлігін арттыру.

Мәдениеттілік пен әдептілік – сөйлеу мәдениетін сақтау, дөрекі сөз қолданбау.

Педагогикалық этика ережелерін сақтау жолдары: қарым-қатынаста жылы сөз, қолдау және түсіністік көрсету; қызмет барысында тұтағалық шекеараны сақтау, эмоцияны бақылау; әріптестермен ынтымақтастықта болу, кәсіби этика нормаларын бұзбау; ата-аналармен өзара сыйластықта әрекет ету; қоғамда ұстаз мәртебесіне лайық жүріс-тұрыс таныту.

Этикалық нормаларды бұзудың салдары.

Этикалық нормаларды сақтамау педагог беделін түсіреді, ұжым ішіндегі қарым-қатынасты қиындатады.

Педагогикалық этика – педагогтың кәсіби абыройын айқындайтын басты олшем. Әдеп пен мәдениет ұстаз еңбегінің негізінде жатуы тиіс. Этиканы сақтау – әрбір педагогтың моралдық борышы және қоғам алдындағы жауапкершілігі.

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

### №2 хаттамасы

7 қараша 2025жыл

Қатысқандар: 26

### Күн тәртібінде

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. Ниетбаева Г.Ж.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика. Жоламанова З.М.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Сариева М.А.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесі мүшесі Ниетбаева Г.Ж. Педагог – білім тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кезде декандай ортада да педагогикалық әдепті ұстаған жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау керек деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желілерде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болған жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікіріңді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, азаматтардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін бағалауда әдептілік танытуы қажет. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесі мүшесі Жоламанова З.М. Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден – бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан қана қаралады. «Педагогикалық әдебі нашар» қайырымдылығы нашар, сынайылығы нашар, балаларға сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Әрбір педагог оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтарып бағытталған үркітулері, жазалаулары, дауыс көтеруі т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық

әдеп бола алмайды. Педагог бүлдіршіндерді ықыласты карап, оларды қалірлеп, кенпейілді, сак, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмасын орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды, сыйламайды. Мұндай педагогты әдептілігі жоқ деп кіналауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал-тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлдем жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігімен сәйкесінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Сариева М.А.

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтің әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі, ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екені даусыз. « Педагогке керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін, жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік» - деген А.Байтұрсыновтың сөзі де педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жай ғана сөйлеу емес, шебер, шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екенін ашады.

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білудің маңызын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту - болашақ педагог мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

Қорытынды сөз: Егер педагог өзі оқытатын және тәрбиелейтін адамдар алдындағы жауапкершілікті сезініп, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылатын болса ғана ұстаздарын құрметтейді.

Кеңес шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтың педагогикалық әдебін сақтауда педагогтың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін, құқықтық сауаттылық күні өткізілсін.
3. Жас педагогтар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:  А.Н.Бисеналина

Хатшы:  Г.М.Токан

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау  
кезінде этикалық нормаларды сақтау»

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі:  
Ниетбаева Г.Ж.

7 қараша , 2025ж

Ақтобе қаласы

## Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау

### кезінде этикалық нормаларды сақтау

Балабақша әдеби бұлдіршіндермен жұмыс жасаудағы ең бірінші талаптарының бірі.Өйткені біздің әрбір сөзіміз әрбір қимылымыз тіпті дауыс ырғағымыз да балаға тікелей әсер етеді.Педагог әдебінің алғашқы қағидасы балаға құрмет.балабақшаға келген әр бір бала өзін қауіпсіз сезіну керек.Әр бала жеке тұлға ,оның қызығушылығы ,мінезі, даму қарқыны ір түрлі.Педагогтың жылы сөз айтуы ,қолдау көрсетуісабырлы болуы-баланың сенімін қалыптастырады.педагогтың әдемі осы қарапайым қарым қатынастан көрінеді.

Екіншіден,педагог кәсіби жауапкершілікпен тығыз байланысты.оқу қызметіне дұрыс дайындалу,оқу үрдісін әділ бағалау,әріптестермен сыйластықта болу,өз кәсіби деңгейін үнемі көтеріп отыру -педагогтың мәдениетін көрсететін негізгі белгілер.

Үшіншіден педагог әдебі ата анамен дұрыс байланысты қажет етеді.Ата намен сөйлескенде ашықтық ,түсіністік сабырлылық және серіктестіктік қарым қатынас орнату.Себебі бала тәрбиесінде балабақша мен отбасының арасында ортақ мақсат бар.

Сонымен қатар педагог әдебі- тіл мәдениеті.Педагогтың сөзі анық ,тәрбиелік мәні бар,әдепті болу керек.Бала алдында эмоцияны бақылау,дауыс көтермеу,орынсыз ескерту жасамау- кәсіби этиканың міндетті бөліктері.

Педагог әдебі бұл педагогтың адамгершілік келбеті,кәсіби мәдениеті және қоғам алдындағы жауапкершілігі .Әдепті педагог қашанда балаға үлгі бола алады.Сондықтан әр педогог өз әдебін к.нделікті жұмыста сақтап ,оны үнемі дамытып отыруы тиіс.

Кәзіргі заманға сай педагогтың әлеуметтік желідегі әрекеті де оның кәсіби әдебінің бір бөлігі.Әсіресе статуска жеке сурет орналастыру мәдениеті педагогтың кәсіби бейнесіне әсер етеді.жеке суретін жариялау барысында оның мазмұны тәрбиелік талаптарға сай болуы қажет.Тәрбиелік мекемеде жұмыс істейтін қызметкердің суреті сынайы ,қарапайым,артық эмоциясыз болғаны дұрыс.Екіншіден суреттіңфоны ,киімі,позасы кәсіби ортаға қайшы келмеуі керек.Педагог статуска жиі жиі жеке сурет жүктеу педагог әдебіне сәйкес келмейді.Педагог үшін басты құндылық өзінің кәсібилігін ,мәдениетін және балаға деген құрметін көрсету.Сондықтан статуска қоюға тыйым салынбайды,бірақ мазмұны ұстазға болуы қажет.

« №41 «Ігілерке» бөбесжай-балабақнасы» МКҚК

« Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика »

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі:  
Жоламанова З.М.

7 қараша, 2025ж

Ақтобе қаласы

## Педагогтік әдеп және педагогтық тактика

### 1. Педагогтік әдеп және педагогтік тактика туралы түсінік.

Қазіргі кездегі мектеп – оқушылар үшін ақпарат берудің бірден – бір көзі емес. Олар мектеп өмірі, мұғалімдер, оқушылар өмірі туралы оқиды, радио тыңдайды, телевизия хабарларын, кинофильмдерді көреді. Олар біздің мамандығымыздың құпияларымен, біздің қоғамымыздың оқушыларды тәрбиелеуге қоятын талаптарымен де таныс. Олар біраз жағдайда біздің қылықтарымызды бізден жақсы ажырата алады. Оларға біздің тарапымыздан қойылатын талаптың орынды болуын зейін қоя қадағалайды, олар біздің талаптарымызға сын көзбен қарауға да бар, тіпті келіспейтін кездері де болады. Сондықтан да біздің оқушылармен қарым-қатынасымыздың мәні ерекше. Оқушылармен дұрыс іскерлік және эмоциялық қарым-қатынас орнату – күрделі іс. Ол бізден жоғары шеберлікті, кәсіби білгірлікті, тиісті іскерлік пен дағдыларды қажет етеді. Ал *біздің шеберлігіміздің аса маңызды бөлігі – педагогикалық әдеп пен педагогикалық тактика болып табылады.*

*Педагогикалық әдеп* – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады. Оны *оқушылардың сыртынан психологиялық бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі, К:Д.Ушинскийдің айтқанындай: “түптеп келгенде психологиялық әдеп”.*

Педагогикалық әдепке және осы терминді қолдану өрісіне анықтама беру теорияда және педагогика практикасында үш түрлі көзқарасқа негізделеді:

- жалпы адамзаттың әдептілікті сіңіру;
- мұғалімнің жеке басының психологиялық ерекшелігі;
- мұғалім шеберлігінің бір бөлігі.

Алғашқы екі көзқарас бойынша педагогикалық әдеп мұғалімнің оқушыларға деген сүйіспеншілігі, олармен сыпайы қарым-қатынасы, олардың қадірін біліп сыйлауы, қайырымдылық, ілтипаттылық, кенпейілділік, шынайылық, ұстамдылық, байсалдылық, сенімділік сияқты мінез сипаттары және қасиеттері қатарында қарастырылады. Үшінші көзқарас бойынша педагогикалық әдеп оқушылармен қажетті қарым-қатынастар орнату және оны сол қалпында ұстай білудегі арнайы кәсіби іскерлік ретінде қарастырылады. Оған жалпы педагогикалық амал-тәсілдердің едәуір бөлігі, жекелеп айтқанда педагогтық техника да енеді.

Бұлайша ұтығанда педагогикалық әдеп түптеп келгенде педагогикалық тактика болып табылады. Бұдан былай біз бұл екі терминді де қолданамыз. Оларды белгілейтін сөздердің шығу тегі түрлі болғанымен мазмұн ортақтығы мол:

**такт** латынша *tactus* – “жанасу, түйіну” дегеннен,

ал **тактика** – грекше *taktike* – “тәртіпке келтіру” деген сөзден шыққан. Осы екі терминді пайдалану қажеттілігі бар ма?

Бар, өйткені біз көбіне бір терминді екіншісімен алмастырып жібереміз, педагогикалық тактикамен істес бола отырып, педагогикалық әдеп жайын айтамыз. **Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады.** “Педагогикалық әдебі нашар” қайырымдылығы нашар,

сыпайылығы нашар, баштарға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей. Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі – аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгендіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашанда қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Былайша айтқанда мұғалімдердің бірсыпырасының оқушыларды бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалаулары, ақылгөйлігі, дауыс көтеруі, т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Мұғалім оқушыларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, сак, әдепті болғанымен олармен қоян-қолтық араласа алмайтын жағдай болады. Оның сабақтарында тәртіпсіздік үстемдік етеді, оқушылар үй тапсырмаларын орындамайды, айтқан ақылды тындамайды, шынтауайтқа келгенде оны сыйламайды. Мұндай мұғалімді әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал тәсілдері қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда мұғалімнің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Жеке әңгімелескенде кейбір жолдастар “тактика” деген әскери терминді педагогика сияқты бейбіт ғылымға көшірудің керегі бар ма деген күдік білдірді. Өйте берсек, педагогикалық стратегияға да барамыз дейді олар. Мұндай күдіктің негізі жоқ шығар. А.С.Макаренконың тәрбие тәжірибесіне әскери өнердің кейбір элементтерін саналы түрде енгізгені мәлім. Оның үстіне тактика тек әскери ғана емес, философиялық, ғылыми, саяси термин. Сондай-ақ, педагогикалық та термин. Оқыту теориясында қазір “стратегия” термині кең де, тар да мағынасында қолданады. Мысалы, есеп шығару стратегиясы деп айтылып та жүр. Ал тактика – стратегияның құрамдас бөлігі. Сондықтан тактика ғана емес, стратегия да педагогикаға жат емес. “Тактика” термині оқушылармен қарым-қатынасымыз турасында әңгіме қозғалғанда педагогикалық әдебиетте де қолданылады. Тактиканың анықтамасында әдептің педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі ретінде, оқушыларға әсер ету құралдарының белсенді қоры ретінде қарастырылатын педагогикалық әдеп анықтамаларымен бірегейлігі мол.

Осылайша ұғынылатын педагогикалық әдеп, менің бұрын айтып өткенімдей, нақты педагогикалық тактикаға, біздің стратегиямыздың нақтылы көріністеріне, оқушыларға ықпал етудің түрлі құралдарын іскерлікпен ұштастыруға және пайдалануға айналады.

Педагогикалық тактика мұғалімнен әскери тактика командирден нақты жағдайда бағдар табуы бар мүмкіндіктер мен келергілерді есепке алуды, тура және айналма жолдарды, қарсылықтың күткен және күтпеген формаларын, ықтимал нәтижелерді көре білуді, т.б. пайдалануды қандай талап етсе, сондай талап етеді. Әрине, оқу – тәрбие процесінде мұғалімдер мен оқушылар қарсыластар емес, қатысушылар. Олар өзара ынтымақта болады. Бірақ бұл ынтымақ тартыссыз бола бермейді. Оқушылар өзіндік тіршілік, мүдделерімен өмір сүреді, оларды біздің оқу және тәрбие талаптарымызға, алдағы алшақ жатқан мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Оқушылар үшін оқу мен тәрбие көптеген талаптармен, қолайсыздықтармен, шектелулермен т.с.с. байланысты. Олар қарсылық көрсетеді, бұл қарсылық оқушылардың жан дүниесіндегі өте күрделі болуы ықтимал. Қарсылық ашық та астыртын, саналы да санасыз, жалпы да нақты, белсенді де самарқау мүмкін.

Педагогикалық әдеп қайшылықты жағдайларда мейлінше қажет, бірақ оның негізгі қызметі – ондай жағдайлардың алдын алу, оқушылардың қарсылығын бәсеңдету. Педагогикалық әдеп келісімпаздық, оқушыларға деген талап қаталдығын босаңсыту,

олармен қақтығысудан икемдену емес. Талап қоя білмейтін мұғалімнің де, оқушыларға айқайлайтындар және өкпелететіндер сияқты, әдептілігі шамалы болады.

Біздер педагогикалық әдепке әрбір нақты жағдайда оқушыларға әсер студің тиімді құралы ретінде педагогикалық тактика деп анықтама бердік. Сөйтіп, егер мен оқушылардың сеніміне ие болғым, олардың қарсылығын бәсеңсіткім, олардың көңілі мен ой-күйін игергім, өз жағымға тартқым, өз еркіме көндіргім және с.с. әрекет еткім келсе, біріншіден, жеткілікті мөлшерде әр түрлі тактикалық құралдар (тікелей қолданылатынынан жанама қолданылатынына дейін) қорым; екіншіден, оқушылардың қарсылық көрсетулерінің себептерін білуім; үшіншіден, олардың көңіл-күйін бағалай білуім; төртіншіден, менің әрекетіме қарсы әрекетті болжай алуым керек. Осыған байланысты мен өзімнің жалпы тактикамды ойластырамын немесе жеке тактикалық жолды тандап аламын: нақты бір теріс қылықты белгілі мөлшерде айыптаймын, оған бей-жай қараумен шектелемін, байқамаған боламын, жағымды баға беремін, т.с.с.

Педагогикалық тактика бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Оны барлық жағдайда барлық педагогтар қолдана алатын белгілі бір нұсқауға, тіпті ережелерге айналдыру қиын. Оқушылармен тіл табысуды жолға қоюға, оларға әсер студің әр түрлі құралдарын қолдануға жалпы кеңес беруге ғана болады. Олар сіздерге, әрине, белгілі. Мен тек еске түсіре кетпекпін.

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

«Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті»

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі:  
Сариева М.А.

7 қараша , 2025ж

Ақтобе қаласы

## Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті

Педагог мамандығы – ерекше жауапкершілікті, рухани байлықты және жоғары мәдениетті талап ететін сала. Педагогтың сөзі, мінез-құлқы, қарым-қатынасы – балаға тікелей әсер ететін құрал. Сондықтан педагог әрқашан өз ісінде әдептілік пен сөйлеу мәдениетін сақтауы тиіс.

Педагогикалық әдеп ұғымы – педагог пен бала, ата-ана және әріптестер арасындағы қарым-қатынасты адамгершілік, сыйластық және жауапкершілік негізінде құру.

Педагогтың әдептілігі оның: сабырлылығынан, әділ бағалауынан, мейірімді қарым-қатынасынан, балаға деген құрметінен көрінеді.

Педагогикалық әдеп – педагогикалық шеберліктің бір бөлігі. Ол тәрбие мен оқыту процесінің тиімділігін арттырады және сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Сөйлеу мәдениеті – бұл ойды анық, дәл және әсерлі жеткізе білу қабілеті. Педагогтың сөйлеуі тек ақпарат берудің ғана емес, тәрбие мен тұлғалық ықпал етудің құралы.

Педагогтың сөйлеу мәдениетіне мыналар жатады: дұрыс дыбыстау, орфоэпиялық норма сақтау; сөздік қордың байлығы; әдеби тіл нормасын қолдану; дауыс ырғағы мен интонацияны орынды пайдалану; әдепті, сыпайы сөз қолданысы.

Педагогтың сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар:

Мазмұндылық – айтылған ой нақты және түсінікті болуы керек.

Әсерлілік – сөз тыңдаушыға эмоциялық әсер етуі тиіс.

Әдептілік – сөйлеу кезінде кемеіту, дөрекі сөздер болмауы керек.

Сабырлылық пен ұстамдылық – дауыс көтермей, байыппен сөйлей білу.

Коммуникативтік икемділік – әр балаға жеке тәсіл табу, қарым-қатынасты дұрыс орнату.

Педагог сөзі арқылы бала бойында мәдениеттілік, адамгершілік, жауапкершілік, өзіне сенімділік қасиеттері қалыптасады. Сондықтан педагогтың әрбір сөзі – тәрбиелік мәнге ие.

Педагогикалық әдеп пен сөйлеу мәдениеті – педагог беделінің, кәсіби шеберлігінің және рухани байлығының көрсеткіші. Мәдениетті, әдепті сөйлеуі – бала жүрегіне жол табудың ең тиімді жолы. Әр педагог өз сөзін тәрбиенің құралы ретінде пайдалана білсе, оның еңбегі нәтижелі болмақ.

«Педагогтың сөзі – бала жүрегіне жол салатын кілт.»

## Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысынан

### №3 хаттамасы

26 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: 24

#### Күн тәртібінде:

1. Педагогтардың құқықтары. Сариева М.А.
2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп- этикалық нормалары. Жоламанова З.М.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сойлеу мәдениеті. Бисепалина Д.Н.

Талқылды: Бірінші мәселе «Педагог құқықтары» бойынша педагогикалық әдеп кеңесі мүшесі Сариева М.А. сөз алды.

Педагог жұмыскердің: 1) кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға; 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогтік практикаға жана әдістемелер мен технологияларды енгізуге; 3) дара педагогтік қызметке; 4) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін еркін таңдауға; 5) білім беру ұйымдарын басқарудың алкалы органдарының жұмысына қатысуға; 6) сапаны арттыру мақсатында мерзімнен бұрын аттестатталуға; 7) педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар, материалдық көтермеленуге; 8) өзінің кәсіптік ар-намысы мен кәдір-қасиетінің қорғалуына; 9) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;

Педагог қызметкер: 1) өзінің кәсіптік құзыреті саясатында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге; 3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына тиімәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге; 4) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға; ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен кәдір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Талқылды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары» бойынша педагогикалық әдеп кеңес мүшесі Жоламанова З.М.

Педагог ата-аналармен, балалармен және әріптестермен әлгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті. Сойлеу

кезінде этикалық нормаларды сақтауға кеңес берді. Педагог этикасы – педагог пен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, педагогтар арасында басталып, өзінің заңды жалғасын табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Бұл маңызды да, құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің қытымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы тиіс.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Бисеналина Д.Н.

Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиешінің кәсіби шеберлігімен қатар, оның педагогикалық әдебі ерекше маңызға ие. Педагогикалық әдеп – тәрбиешінің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасындағы мәдениеттілігі, сыпайылығы, адамгершілік нормаларды сақтауы.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаларына мыналар жатады: Баланы құрметтеу және оның жеке тұлғасын бағалау; Сабырлылық пен ұстамдылық таныту; Әділдік пен шынайылық таныту; Сыпайы, мәдениетті қарым-қатынас орнату; Баланың намысына тимеу, оны кемсітпеу.

Тәрбиеші балалармен қарым-қатынаста әрдайым жылы шырай танытып, олардың пікірін тыңдап, қолдау көрсетуі тиіс. Баланың қателігін бетіне баспай, дұрыс жолға бағыттау – педагогикалық әдептің көрінісі.

Әріптестер арасындағы қарым-қатынас та педагогикалық әдепке негізделуі керек. Ұжымда сыйластық, қолдау өзара түсіністік болған жағдайда ғана тиімді жұмыс нәтижесіне қол жеткізуге болады.

Педагогтарға жағдаяттарды шешу ұсынылды. Педагог Смагулова Г.И., Өтемісқызы Ш. және және басқа да педагогтар өз ойларын ортаға салды.

Қорытындылай келе, педагогикалық әдеп – тәрбиешінің кәсіби бейнесін айқындайтын маңызды қасиет. Оны сақтау арқылы біз баланың жан-жақты дамуына, тәрбиелі әрі мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеміз.

Кеңес шешімі:


1. Педагогтардың құқықтарын сақтау және қорғау бойынша түсіндіру жұмыстары жүзделі жүргізілсін.

2. Педагогтерге әдеп және этикалық нормаларды сақтау міндеттелсін.

3. Ұжым ішінде педагогикалық әдепті сақтау қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы:  Д.Н.Бисеналина

Хатшы:  Г.М.Токан






## ПЕДАГОГТЫҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫ

Білім беру ұйымдарындағы негізгі кепілдіктер






### 3. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Қауіпсіз және лайықты еңбек жағдайы 
- Еңбекақыны уақытылы алу
- Демалыс (жыл сайынғы еңбек демалысы) 
- Еңбек жүктемесінің нормалануы 
- Артық жүктемеден қорғалуы 



### 4. ҚОРҒАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАР

- Кәсіби ар-намысы мен беделін қорғау 
- Құқық бұзылған жағдайда әкімшілік және сот арқылы қорғану
- Әлеуметтік кепілдіктер (зейнетақы, сақтандыру) 
- Қызметтік тексеріс кезінде әділ қаралу құқығы 



### 5. БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- Мектеп/балабақша басқару жұмысына қатысу
- Педагогикалық кеңестерде пікір білдіру
- Оқу орнының даму жоспарына ұсыныс жасау



ЗАҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ПЕДАГОГТЫҢ ТІРЕГІ

# ПЕДАГОГТЫҢ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰҚЫҚТАРЫ



## 1. Кәсіби (академиялық) құқықтар



Оқыту әдістерін еркін таңдау



Білім беру мазмұнын шығармашылықпен жүргізу



Авторлық бағдарлама, оқу-әдістемелік құрал жасау



Сабақ беру барысында педагогикалық еркіндікке ие болу



Оқу-тәрбие процесін өз тәжірибесіне сүйеніп ұйымдастыру



## 2. Білім беру және даму құқығы



Біліктілікті арттыру курстарына тегін немесе жеңілдетілген қатысу



Семинар, конференция, тренингтерге қатысу




Кәсіби тәжірибе алмасу мүмкіндігі



Жаңа технологияларды қолдануға мүмкіндік

## ПЕДАГОГ ҚҰҚЫҚТАРЫ: ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР

 Бұл бөлімде педагогтың кәсіби дамуы, әлеуметтік қорғалуы және заңдық кепілдіктері туралы негізгі тармақтар келтірілген.

4



● **КӘСІБИ  
ДАМУҒА  
ҚҰҚЫЛЫ**

Яғни, ол курстарға, семинарларға қатысып, өз білімін үнемі жетілдіріп отырады.

5



● **ҚАУІПСІЗ  
ЛАЙЫҚТЫ  
ЕҢБЕК  
ЖАҒДАЙЫ**



6



● **ЕҢБЕКАҚЫ АЛУ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК  
КЕПІЛДІКТЕР**

Яғни, педагог өз еңбегі үшін әділ жалақы алып, заңмен қорғалады.

7



● **ДЕМАЛЫС  
УАҚЫТЫ  
САҚТАЛУЫ**

Егер оның беделіне нұқсан келсе, ол заң жүзінде қорғана алады.

8



● **КӘСІБИ АР-  
НА-МЫСЫН  
ҚОРҒАУ**

Ең маңыздысы



— «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы

« №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

« Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары»

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі,  
музыка жетекшісі: Жоламанова З.М.

26 наурыз, 2026ж

Ақтобе қаласы

Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары – бұл олардың қоғам алдында кәсіби беделін сақтауға, тәрбиелік ролін дұрыс атқаруға бағытталған мінез-құлық қағидалары. Әсіресе педагог әрқашан үлгі екенін ескеріп, келесі нормаларды ұстануы тиіс. Педагогтың этикалық нормалары – оның кәсіби беделін, тұлғалық мәдениетін және қоғам алдындағы жауапкершілігін көрсететін маңызды талаптар жиынтығы. Бұл нормалар әрбір педагогтың әр ортада (ата-аналармен, әріптестермен, қоғаммен) өзін дұрыс ұстауын реттейді.

#### 1. Сыпайылық пен мәдениеттілік

- Әріптестермен, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста әдепті болу.
- Дауыс көтермеу, дөрескі сөздер қолданбау.
- Қоғамдық орындарда өзін ұстамды ұстау.

#### 2. Сыртқы келбет және өзін ұстау мәдениеті

- Киім үлгісі ұқыпты, жинақы, педагог мәртебесіне сай болуы.
- Артықәшекей, көзге оғаш көрінетін сыртқы бейнеден аулақ болу.

#### 3. Қоғам алдындағы жауапкершілік

- Өз әрекеті арқылы педагог мәртебесіне нұсқан келтірмеу.
- Заң талаптарын сақтау.
- Теріс әрекеттерден қоғамдық орындарда аулақ болу.

#### 4. Кәсіби этика

- Қызметтік ақпаратты жария етпеу.
- Әріптестерді, балаларды көпшілік алдында сынамау.
- Әділдік пен адалдықты сақтау.

#### 5. Үлгі болу қағидасы

- Балалар мен жастарға үлгі көрсету.
- Позитивті мінез-құлық қалыптастыру.
- Қоғамда адамгершілік құндылықтарды насихаттау.

#### 6. Әлеуметтік желідегі мінез-құлық

Педагог әлеуметтік желілерде де кәсіби бейнесін сақтауы керек. Теріс пікірлер, орынсыз жазбалардан аулақ болғаны дұрыс.

#### Қорытынды:

Педагогтың көпшілік ортадағы әрбір әрекеті – оның кәсібилігі мен тұлғалық мәдениетінің айнасы. Сондықтан педагог әрдайым өзін бақылап, жоғары әдептілік пен жауапкершілікті сақтауы қажет. Педагогтың көпшілік ортадағы этикалық нормаларды сақтау – оның кәсіби шеберлігінің ғана емес, адамгершілік деңгейінің де көрсеткіші. Бұл нормаларды сақтау білім беру ұйымының беделін арттырып, балаларға дұрыс тәрбие беруге ықпал етеді.


№41 «Натерке» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

« Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету  
және сөйлеу мәдениеті»

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы,  
тәрбиеші: Бисеналина Д.Н.


26 наурыз, 2026ж


Ақтобе қаласы

- 
- Қазіргі қоғамда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиешінің кәсіби шеберлігімен қатар, оның педагогикалық әдебі ерекше маңызға ие. Педагогикалық әдеп – тәрбиешінің балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасындағы мәдениеттілігі, сыпайылығы, адамгершілік нормаларды сақтауы.
  - Балалабақша баланың тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Сондықтан тәрбиешінің әрбір сөзі, іс-әрекеті, мінез-құлқы балаға тікелей әсер етеді. Осыған байланысты педагогикалық әдепті сақтау – әрбір тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі.




**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕПТИҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫНА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:**


- Баланы құрметтеу және оның жеке тұлғасын бағалау;
  - Сабырлылық пен ұстамдылық таныту;
  - Әділдік пен шынайылық таныту;
  - Сыпайы, мәдениетті қарым-қатынас орнату;
  - Баланың намысына тимеу, оны кемсітпеу.
- 




Тәрбиеші балалармен қарым-қатынаста әрдайым жылы шырай танытып, олардың пікірін тыңдап, қолдау көрсетуі тиіс. Баланың қателігін бетіне баспай, дұрыс жолға бағыттау – педагогикалық әдептің көрінісі. Сонымен қатар әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның қабілеті мен ерекшелігін ескеру маңызды.



Ата-аналармен жұмыс барысында да педагогикалық әдеп сақталуы қажет. Тәрбиеші ата-аналармен ашық, сенімді байланыс орнатып, олардың пікірін құрметтеп, бала тәрбиесінде бірлесе әрекет етуі тиіс. Қандайда бір мәселе туындаса, оны сабырмен, түсіністікпен шешу қажет.



- 
- Әріптестер арасындағы қарым-қатынас та педагогикалық әдепке негізделуі керек. Ұжымда сыйластық, қолдау өзара түсіністік болған жағдайда ғана тиімді жұмыс нәтижесіне қол жеткізуге болады.
  - Педагогикалық әдепті сақтау үшін тәрбиеші үнемі өзін-өзі жетілдіріп, кәсіби мәдениетін дамыту қажет. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, балаларға үлгі бола білу – нағыз педагогтың белгісі.
  - Қорытындылай келе, педагогикалық әдеп – тәрбиешінің кәсіби бейнесін айқындайтын маңызды қасиет. Оны сақтау арқылы біз баланың жан-жақты дамуына, тәрбиелі әрі мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеміз.